

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№3 (31) шілде-қыркүйек 2022

ISSN 2710-3994



Бас редактор:

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

Редакциялық алқа:

Абашиин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)

Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызғыз мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)

Аяган Бүркітбай Фелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)

Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)

Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)

Голден Кэтті Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)

Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)

Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)

Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)

Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)

Көмеков Болат Ешимхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Матыжанов Кенжехан Исламжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)

Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)

Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)

Римантас Желвис (Želvyus Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)

Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)

Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)

Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Жауапты редактор:

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

Ғылыми редактор:

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Редактор:

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

Жауапты хатшы:

Раушан Жәлиқызы

Техникалық хатшы:

Хумарзах Алтынбек

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:

Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)

Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)

Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)

Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)

Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)

Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)

Голден Кэтти Стромилл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)

Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)

Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)

Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)

Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)

Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)

Кумекоев Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)

Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)

Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)

Римантас Желвис (Želvyus Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)

Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)

Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)

Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Таймагамбетов Жакен Кожакметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)

Ответственный редактор:
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

Научный редактор:
Козыбаева Махаббат Маликовна

Редактор:
Кубеев Рустан Джамбылбаулы

Ответственный секретарь:
Раушан Жәлікызы

Технический секретарь:
Хумарзах Алтынбек

Editor-In-Chief:

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Members of editorial board:

Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)

Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)

Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)

Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)

Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)

Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)

Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)

Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Executive Editor:

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

Scientific Editor:

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Editor:

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

Executive Secretary

Raushan Zhalikyzy

Technical secretary:

Khumarzak Altynbek

https://doi.org/10.51943/2710-3994_2022_31_3_277-288

FTAMP 03.20.00

XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАР МЕН ҰЛТЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ МУЗЕЙ ІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ

Ш.Б. Тілеубаев¹ , С.Г. Белоус² , Н.Н. Құрманалина¹ , А.Н. Конкабаева¹ *

¹Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Қазақстан, Алматы;

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы.

*Автор-корреспондент

E-mail: Shamek_09@mail.ru (Тілеубаев), sbelous978@gmail.com (Белоус), nurgulca@mail.ru (Құрманалина), vini_89.kz@mail.ru (Зикирбаева)

Аңдатпа. Мақалада архив деректері негізінде XX ғасырдың басындағы Қазақстанда музейлердің қалыптасуы мен оның мәдени-ағартушылық қызметінің әлеуметтік аспектілері және оған атсалысқан ұлт зиялылардың ролі қарастырылған. Кеңестік кезеңнің 1920-30-шы жылдарында болған әлеуметтік, экономикалық, саяси өзгерістер Қазақстанның мәдениеті мен білім беру саласына, сауатсыздықты жоюда елеулі ықпал етіп, мәдени-ағартушылық бағытта даму қажеттілігі туындаған болатын. Соның негізінде музей ісі, мәдени-тарихи ескерткіштерді қорғау жұмыстары да қолға алына бастады. Орта Азия мен Қазақстанда музей істері және көне заманның ескерткіштерін қорғау жөнінде арнаулы Ортаазиялық Комитет құрылды, республикада өлкетанушылар қоғамы ұйымдастырылды.

Мақалада Қазақстанды зерттеу қоғамы кітапхана мен музейлерді және архив істерін ұйымдастыруды жолға қойып, олардың бұқараға білім мен мәдениетті насихаттау орнына айналдыруға бар күшінің салғандығы баяндалады.

Түйін сөздер: музей, кітапхана, зиялылар, Орынбор, ағартушылық, қоғамдық қорлар.

Мақала: АР14872226 «Алаш қозғалысының жетісулық қайраткерлері: тағдыры мен мұрасы» жобасы аясында дайындалды.

МРНТИ 03.20.00

ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ОБЩЕСТВЕННЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ И НАЦИОНАЛЬНОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ ПО ОРГАНИЗАЦИИ МУЗЕЙНОГО ДЕЛА В НАЧАЛЕ XX ВЕКА

Ш.Б. Тілеубаев¹, С.Г. Белоус², Н.Н. Курманалина¹, А.Н. Конкабаева¹*

¹Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова, Казахстан, Алматы;

²Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Казахстан, Алматы.

*Корреспондирующий автор

E-mail: Shamek_09@mail.ru (Тілеубаев), sbelous978@gmail.com (Белоус), nurgulca@mail.ru (Курманалина), vini_89.kz@mail.ru (Зикирбаева)

Аннотация. В статье на основе архивных источников рассматривается становление музеев в Казахстане в начале XX века, социальные аспекты их культурно-просветительской деятельности, роль национальной интеллигенции в оформлении музейного дела. Социально-экономические, политические изменения, произошедшие в 1920-е годы советского периода, оказали существенное влияние на культуру и образование Казахстана, ликвидацию неграмотности, возникла необходимость развития культурно-просветительского направления. Для республик Средней Азии

и Казахстана создан специальный Центральноазиатский Комитет по делам музеев и охране памятников старины, в республике организовано общество краеведов.

В статье рассказывается о том, как исследовательское общество Казахстана наладило организацию библиотек, музеев и архивных дел, приложило все усилия для того, чтобы сделать их местом пропаганды знаний и культуры среди населения.

Ключевые слова: музей, библиотека, интеллигенция, Оренбург, просветительство, общественные фонды.

IRSTI 03.00.20

ACTIVITIES OF PUBLIC ORGANIZATIONS AND NATIONAL INTELLIGENTIA ON THE ORGANIZATION OF MUSEUM BUSINESS IN THE BEGINNING OF THE XX CENTURY

Sh.B. Tleubayev¹, S.G. Belous², N.N. Kurmanalina¹, A.N. Konkabayeva^{1*}

¹Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Kazakhstan, Almaty;

²Abai Kazakh National Pedagogical University, Kazakhstan, Almaty.

*Corresponding author

E-mail: Shamek_09@mail.ru (Tleubayev), sbelous978@gmail.com (Белоус), nurgulca@mail.ru (Kurmanalina), vini_89.kz@mail.ru (Zikirbayeva)

Annotation. Based on archival sources, the article examines the formation of museums in Kazakhstan at the beginning of the 20th century, the social aspects of their cultural and educational activities, the role of the national intelligentsia in the design of museum work. Socio-economic and political changes that took place in the 1920s of the Soviet period had a significant impact on the culture and education of Kazakhstan, the elimination of illiteracy, there was a need to develop cultural and educational direction. A special Central Asian Committee for Museums and the Protection of Ancient Monuments has been established for the republics of Central Asia and Kazakhstan, and a society of local historians has been organized in the republic.

The article describes how the research society of Kazakhstan has established the organization of libraries, museums and archival affairs, has made every effort to make them a place for the promotion of knowledge and culture among the population.

Key words: museum, library, intelligentsia, Orenburg, enlightenment, public funds.

Кіріспе. Кеңестік кезеңнің 1920-30 жылдары қазақ зиялыларының алдына қойған міндеттері өте ауқымды болды. Бұрын соңды қазақ даласында болмаған түбегейлі саяси-экономикалық және әлеуметтік өзгерістердің мәні мен мағынасын түсіндіруге бағытталған елдің саяси сауатын арттырумен қатар, олардың қарапайым тұрмыстың сұраныстары мен рухани қажеттіліктерін, атап айтқанда негізгі қызметтерінен бос уақыттарындағы демалыстарын, мәдени-ағартушылық бағытқа бұру қажеттілігі тұрды.

XX ғасырдың бастапқы кезін қоғамдық санада ұлт-азаттық идеяларының күшейіп, ұлттық рухтың оянуына түрткі болған кезең деп айтуға болады. Бұған ұйытқы болған ұлттық мәдениеттің жанашырлары – қазақ зиялылары еді. Ұлттың жаршысы болған «Қазақ» газеті, «Айқап» журналы сияқты қазақ баспасөзін ашудан бастаған олар, азаттық идеяларын жалпыұлттық санаға айналдыру жолында қызмет етті. Кейін кеңес өкіметі орнаған соң, ұлт зиялыларының оқу-білім, мәдениет саласындағы қызметін азаттық жолындағы күрестің ерекше түрі деп түсінген дұрыс. Мұндағы айтпақ ойымыз, қоғамда объективтік-тарихи жағдай қалыптасқан кезеңде ұлттың зиялы қауымының қоғамдық сананы қалыптастыруы арқылы өмірді белгілі бір арнаға бағыттауға мүмкіндігі болатындығы, қазақ елінде қалыптасқан мұндай жағдайды Ресей империясында жүзеге асырылған Қазан революциясы басқа арнаға бұрып, өз ықпалына бағындырып алды.

Бұл жерде орыс зиялыларының арасында, өз мүдделеріне қабысып жатқан социалистік идеологияға берілгендік басым болса, Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ зиялы қауымы демократиялық ұлттық құндылықтарға жақын болғандығын айтуымыз керек.

Азамат соғысынан кейінгі халық шаруашылығын қалыптастыру мен түрлі экономикалық-әлеуметтік реформаларды жүзеге асыру барысында еңбек ресурстарынан бөлек, аса зор көлемдегі қаржы тапшылығы орын алды. Міне, осындай кезеңде мәдени шараларға арнайы қаржы бөлуді талап етудің өзі жөнсіз еді. Бұны анық ұғынған ұлттың белсенді азаматтары қоғамдық негізде құрылған ұйымдар (Мыс.: «Қырғыз (қазақ) өлкесін зерттеу» қоғамы, «Қазақстанды зерттеу» қоғамы, «Талап» қоғамы және т.б.) айналасына топтасып, мүшелік жарна мен елден жиналған қаржыға оқулықтар мен оқу құралдарын шығарып, сауатсыздықпен күресуге арнайы курстар ашып, ағартушылық дәрістер өткізіп, театрландырылған қойылымдар көрсетуді, сурет және кітап көрмелерін ұйымдастырды, кітапхана мен архив, музей ісінің қалыптасуын қолға алды. «Талап» қауымының құрылуы мен қызметіне Ташкентке топтасқан алаштық бағыттағы қазақ-қырғыз зиялылары Х. Досмұхамедов (төрағасы), М. Тынышпаев, М. Жұмабаев, Қ. Тыныстанов, К. Жәленов, т.б. қатысты. 1923 жылы Алматыда оның бөлімшесі ашылып, құрамына қазақ-қырғыз зиялыларынан И. Арабаев, Б. Сүлеев, т.б. кірді.

Кенестік кезеңдегі Қазақстандағы тарихи оқиғалардың мың құбылған заманында «Қырғыз (қазақ) өлкесін зерттеу» қоғамы төңірегіне топтасқан ғылыми-мәдени топтың, қазақ зиялыларының қызметі мен осы қоғамның тарихына толғамды зерттеу жүргізіп, оны өркениеттілік негізде бағалау қазіргі кезеңнің басты мәселелерінің бірі болып табылады.

Халық ағарту комиссариатының Академиялық орталығы “теориялық және бағдарламалық жалпы басшылық орталығы” ретінде қалыптасты. Ол екі бөлімнен тұрды: ғылыми және көркем өнер. Оның жұмысына А. Байтұрсынов, Х. Досмұхамедов, Ж. Аймауытов сияқты т.б. алаштық ұстанымдағы ұлт зиялылары да белсенді араласты.

Бұл мекеменің және Қазақстанды зерттеу қоғамының дәл осы кезеңдегі зор жетістіктерінің бірі республикадағы музей мен архив ісінің мықты негізін қалағандығы. 1923 жылы Ақмола, Ақтөбе, Бөкейде, Қостанай мен Орал губернияларында архивтер құрылды. Томскі университетінің студенттері 1921 жылы жаз айларында Омбы, Петропавл, Семей қалаларының архивтеріндегі материалдарды өңдеуге көмек көрсетті.

Республиканың территориясындағы 1920-шы жылдары құрылған ғылыми қоғамдар: физика-медициналық, ғылыми-педагогикалық, 1920 жылы өз қызметін жандандырған Орыс географиялық қоғамының Семей және Жетісу бөлімшелері мен тағы басқалардың іс-әрекетімен салыстырғанда республиканың білікті ғылыми күштері бас қосқан Қазақстанды зерттеу қоғамының қызметі аса жемісті болды.

Қазақстанды зерттеу қоғамының алға қойған мақсаттары мен міндеттері сол кезде ел ішіндегі өркен жайып келе жатқан өлкетану қозғалысының мақсат-міндеттерімен сәйкес келді. Сондықтан да оның кейінгі кездегі іс-әрекеті осы қозғалыспен тығыз байланысты болды. Қоғамның мүшелері 1922 жылы құрылған Орталық өлкетану бюросында Қазақстанның өкілдері ретінде енді. Қазақстанды зерттеу қоғамының белсенді мүшелерінің бірі – этнограф А.Л. Мелков жергілікті өлкені зерттеуші ғылыми қоғамдардың Москвада өткен Бүкілресейлік бірінші конференциясына қатысып, Орталық өлкетану бюросының құрамына сайланды.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу барысында архив материалдары кеңінен қолданысқа ие болды. Мысалы: Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архивінің «Қырғыз өлкесін басқару бойынша әскери революциялық комитетінің Халыққа білім беру бөлімі» деп аталатын – 921 қоры; «ҚазКСР Халық ағарту комиссариаты» деп аталатын 81 қоры және де басқа көптеген архив қорларының материалдарында кездесетін құжаттар пайдаланылып, жан-жақты талдау жасалды. Жергілікті музейлердің құрылу тарихы мен жұмыстары жайында берген мәліметтер музейдің мерзімдік басылымы «Жаршысы» (Вестник) бетінде жарияланып отырған.

Мақаланы жазу барысында тарихи салыстыру және талдау әдістері қолданылды. Сонымен қатар жазба дереккөз ретінде архив қорларының материалдары, ғылыми басылымдар мен жинақтар, статистикалық есептердің материалдары мен құжаттары пайдаланылды және осы тақырыптың аясындағы ғалымдардың зерттеу материалдарына сілтемелер жасалынды.

Мақалада, зерттелуге алынған кезеңдегі оқиғалар мен мәліметтер кешенді түрде сол дәуірмен байланыстырылып, ұлттық басымдылықтар мен құндылықтар тұрғысынан қарастырылып, соның негізінде оның мәні, негізгі ағымдарының бағыты және қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және халықтың рухани өміріндегі алатын маңызы айқындалады.

Талқылау. Кеңестік кезеңдегі зерттеулер бастаулары революцияға дейінгі шығыстанудан нәр алып 1920-шы жылдардың басындағы қалыптасу кезеңінде мынадай ғылыми бірлестіктерге арқа сүйеді: Республиканың Халық ағарту комиссариаты жанындағы Академиялық орталық, Ресейдің тайпалық құрамын зерттеу комиссиясының Сібір бөлімшесі (КИПС), КССРО Шығыс халықтарының ұлттық және этникалық мәдениетін ғылыми-зерттеу институты, Орыс географиялық қоғамының – Орынбордағы, Омбыдағы, Семейдегі, Ташкенттегі бөлімшелеріне. Бұл мәселе Б.Герасимовтың (Герасимов, 1927), Э.А. Масанов (Масанов, 1966), С.Ш. Ахметовалардың (Ахметова, 1982) ғылыми-зерттеу еңбектерінде жан-жақты қарастырылған. Олар Қазақстанды зерттеу қоғамының өлшеусіз еңбек сіңіргенін айта келе, оның 1920 жылы құрылуына белсенді түрде атсалысқандар белгілі өлкетанушы ғалымдар Ә.Диваев, П.А. Гра, А.Л. Мелков, И.В. Мелкова, С.М. Петров, А.А. Четыркина, А.П. Чулошников, Н.А. Чулошникова және басқалар деп атап көрсетеді.

Музей ісін ұйымдастыруда белсенді әрекет еткен Қазақстанды зерттеу қоғамының қызметі жайындағы мәліметтер Х.И. Бисеновтың (Бисенов, 1961), Р.Б. Сулейменовтың (Сулейменов, 1972), Н.Әлімбаев (Алімбаев, 1990), М.Х. Асылбеков, А.Б. Галиев (Асылбеков, Галиев, 1991) З.О. Дүкенбаева (Дүкенбаев, 1994), В.К. Қайрханова (Қайырханова, 1993), Қ.Ә. Ахметов (Ахметов, 2002), А.С. Мұсағалиева (Мұсағалиева, 2001) зерттеулерінде берілген.

Зерттеу нәтижелері. Қазан төңкерісінен кейін Қазақстанда музейлер ұйымдастыру жұмыстары қайта қолға алынып, оның алдына жаңа міндеттер қойыла бастады. Ендігі жерде музейлер тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтайтын орын болуымен қатар, елде арнайы ғылыми мекемелердің жетіспеуіне орай географиялық, тарихи және этнографиялық зерттеу орталықтары қызметін атқаратын болды. Сонымен қатар музейге мектептерде, әр түрлі курстар мен саяси-ағарту мекемелеріне әдістемелік көмек көрсету жұмыстары, оларды көрнекі құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету жүктелді. Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін алдымен музей ісін жаңа заман талаптарына сай қайта құру қажет болды. Осыған байланысты 1920 жылдың 11 мамырында Халық ағарту комиссариаты алқасы мәжілісінде «Қырғыз (қазақ) өлкесінде музей және кітапхана ісін ұйымдастыру» жөнінде қаулы қабылданды (ҚРОМА, 20: 25-26 пп.). Халық ағарту комиссариаты жанындағы музей бөлімінің меңгерушісі А.Л. Мелков Қырғыз (қазақ) әскери революциялық комитетіне жолдаған хатында: «Орынбор өлкесі музейіндегі жәдігерлердің көпшілігі қырғыз (қазақ) өлкесін бейнелейтін болғандықтан оны Жалпықырғыздық (қазақ) деңгейіндегі музей етіп қайта құру қажет. Бірақ менің бұл ұсынысым Орынбор губерниялық ағарту бөлімі тарапынан түсінбестікке кезігіп, қолдау таппай отыр. Сондықтан тез арада осы және басқа да музей ұйымдастыру мәселелерін шешу мақсатында екі жақтың өкілдері бар арнайы комиссия құру қажет» - деп жазды (ҚРОМА, 32: 2-3 пп.).

Осы жылдың 31 тамызында (1920 ж.) Қырғыз (қазақ) Халық ағарту комиссариаты мен Орынбор губерниялық ағарту бөлімінің біріккен отырысында «Орынбор өлкесі музейін Қырғыз (қазақ) Халық ағарту комиссариаты қарамағына беру және оны Жалпықырғыздық (қазақтық) көлемдегі музей ретінде қайта құру» шешімі қабылданды (ҚРОМА, 26: 21 п.). Сонымен, Қазақстанды зерттеу қоғамының белсенді мүшесі А.Л. Мелковтың ұсынған жобасы қолдау тауып, жүзеге асты. Бұнда қоғам мүшелерінің белсенді әрекеттері өте нәтижелі болды деуге болады.

Іргетасы 1831 жылы қаланған Орынбор өлкелік музейі негізінде Қазақстанның Орталық музейі құрылды. 1921 жылы 10 қаңтарда жәдігерлерді қабылдау аяқталып, арнайы актіге қол қойылды (ҚРОМА, 26: 22 п.). Осы құжат бойынша Қазақстанға музей ғимаратымен қоса мынадай жәдігерлер берілді:

1) Тарихи-мәдени бөлім бойынша: а) археологиядан – 622; ә) нумизматикадан – 853 күміс және мыс тиындар, қағаз ақшалар, 45 медаль, 14-жетон, 18 несиелік билет; б) қару жарақтан – 18 жеңіл зеңбірек, 14 мылтық, 12 тапанша, 4 садақ, 32 қылыш, 8 сауыт, 3 дулыға; в) этнографиядан – 18 түрлі халықтардың киім-кешегі, 62 бас киім мен әйел әсемдік әшекейлері, 97 үй жиһаздары,

63 қытай және жапон жиһаздары; г) қоғамдық-тұрмыстықтан – 65 фарфор ыдыс, 19 гравюра, 9 картина, 62 ескі құжаттар.

Егер Қазақстанда революцияға дейін небәрі 3 музей болса, олардың қарастырылып отырған кезеңде жалпы саны 21-ге жетті. Атап айтсақ, Қостанай (1919), Орал (1920), Көкшетау (1920), Шымкент (1920), Ақмола (1923), Петропавл (1924), Ақтөбе (1929), Тараз (1931), Қарағанды (1932), Арал (1932), Риддер (1935), Жәркент (1935), Т. Шевченко атындағы (кейіннен Ә. Қастеев атындағы) ұлттық көркемөнер галереясы (1935), Қызылорда (1939), Атырау (1939) мұражайлары және Абай Құнанбаев, Д.Фурманов, В.Чапаев (1940-1941) мемориалдық музейлері болды.

Орынбордағы өкімет органдарымен қатар Қазақстанды зерттеу қоғамына астананың Қызылорда қаласына көшірілуіне, Орталық музей жұмысына елеулі әсерін тигізді. Осы жайында музей меңгерушісі 1925-1926 жылдары аралығында атқарған жұмыстары есебінде: «Орталық өкімет органдарының, Қазақстанды зерттеу қоғамының жаңа астанаға қоныс аударуы музей қызметін, оған көшіру тек уақыт мәселесі болғандықтан, қалалық атқару және оқу-ағарту бөлімдерінің Орталық музей жәдігерлеріне таласуын былай қойғанда, орналасып отырған ғимаратымыздан жекелеген бөлмелерді жергілікті музей үшін Орталық музей ғимараттың 5249, 17 шаршы метрінің қазір бар болғаны 1453, 86-да ғана орналасып отыр» - деп жазды (ҚРОМА, 30: 2 п.).

Музей қызметіне қажет ғылыми зертханалар мен шеберханалар, олардың құрал-жабдықтары жайында музей меңгерушісі: «Лаборатория (зертхана) мен шеберхана аты болғанымен, өзіне тиісті жұмыстарды атқаруға мүмкіндігі жоқ. Қажетті ғылыми құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету өте нашар. Көрме бөлмелеріндегі жәдігерлерге зақым келмесіне кепілдік жоқ. Ал, оларды жаңартуға немесе жергілікті шеберлерге қолдан жасатуға, әйнектер алуға өкімет тарапынан бөлініп отырған қаржы тым жеткіліксіз. Музей жұмыстары жүргізілген жоқ. Бұл зор қаражатты қажет ететіні сөзсіз» - деп көрсетті (ҚРОМА, 30: 11 п.).

Қызылорда қаласында тиісті ғимараттың жоқтығына орай Орталық музей уақытша Орынборда қалатын болып шешілген соң, музей өзінің 1926-1927 жылдары атқаратын жұмыс жоспарын жасады. Онда:

а) Орталық музей қызметінде өлкетанушылық бағытқа көңіл бөле отырып, Қазақстандағы басқа да музейлер және өлкетанушы мекеме, ұйымдармен тығыз қарым-қатынас орнату, тәжірибе алмастыру;

ә) музей жәдігерлері қоры арасынан өлкетануға қатыстыларын бөліп, жүйелі түрде жеке орналастыру;

б) республиканың жергілікті музейлері қызметін және белгілеп отырған жоспарын анықтап білу мақсатында оларға арнайы анкета жасап беру;

в) жергілікті музейлерден анкеталар келген соң, олардың өлкетанулық қызметін реттеу және басшылық жасау мақсатында Орталық өлкелік музейдің жүргізуге тиісті өлкетанушылық қызметінің жоспарын жасау;

г) биологиялық зерттеу кабинетін құру, тиісті құралдармен жабдықтау және оны химиялық зертханаға қажетті заттармен қамтамасыз ету;

д) музей кітапханасын тек ғылыми негізде қайта құру, Қазақстан жайындағы ғылыми әдебиеттердің тізімін жасау және т.б. (ҚРОМА, 39: 3 п.).

1930-1933 жылдар аралығында Орталық өлкетану музейі республиканың басқа да музейлермен тығыз қарым-қатынас орната отырып, олардың құрылымы мен жәдігерлерінің жүйелі орналасуына өз тарапынан нұсқау беріп отырды. Жергілікті музейлердің құрылу тарихы мен жұмыстары жайында берген мәліметтер музей «Жаршысы» (Вестник) бетінде жарияланып тұрды (ҚРОМА, 85: 7-8 пп.).

Орталық музей қызметкерлерінің тікелей қатысуымен 1932-1937 жылдар аралығындағы Қазақстанда музей құрылысының екінші бесжылдық жоспары жасалынды. Бұл бірінші қабылданған жоспар қол жеткізген табыстары мен кемшіліктерін ескере отырып, ендігі уақытта музей экспозицияларының елдегі коммунистік партия жүргізіп отырған саясат төңірегінде, соған сай етіп қайта құруды көздеді. Сонымен қатар, жоспар ірі қалалар мен аудан орталықтарында

музейлер ұйымдастыру, оларды тиісті материалдық-техникалық базамен қамтамасыз ету мәселелерін алдына қойды (Вестник Центрального Музея Казахстана, 1930: 6).

Бірақ, республикадағы музей құрылысының екінші бесжылдық жоспары ұлттық тарихымыздың қанды кезеңдеріне, жалпы қазақ халқының басына түскен ауыр азап жылдарына тұспа-тұс келгендіктен алдына қойып отырған міндеттерін жүзеге асыра алмады.

Қоғамның құрылуының бастапқы кезеңі ашаршылықпен қатар келгенін басында айтқан едік. Халық ағарту комиссариатының бюджеті қысқарған болатын, штаттар қысқартылды, көптеген мектептер мен мәдени-ағарту мекемелер онсыз да мардымсыз жергілікті бюджетке көшірілді. Ағарту саласы мен ғалымдардың жағдайы өте төмен болды. Оны мына мысалдан көруге болады: “Орталық Өлкелік музейде жылы бөлмелердің болмауы себепті суық түсуімен оның жұмысын тоқтатып, басқа орынға көшіруге мәжбүр болдық”- делінсе, келесі бірінде “ақпанда (1922 жылы) штаттың қысқаруымен, ғылыми жұмыс азайды, ал екінші қайтара қысқарту мен жұмыстан шығартудан кейін, музей жұмысы тіптен төмендеп кетті, бірақ толығымен тоқтаған жоқ”- делінген. “Кітапхана (Қазақстанды зерттеу қоғамының) жұмыс істеп тұр, бірақ өте әлсіз... кітаптарды жинақтап, сұрыптау аяқталмай қалды... Бір жағынан қаржы тапшылығы, екінші жағынан бөлмеге мүлдем от жағылмауы себеп болды”. Міне, дәл осындай мәліметтерді сол кездегі Халық ағарту комиссариатының, Академиялық Орталықтың, ғылыми қоғамдардың барлық есептемелік баяндамаларынан кездестіре аламыз.

Осы жолдарды оқи отырып, еріксіз сол кездегі мәдениет пен ғылыми қызмет саласындағы адамдардың қарапайымдылығына, өз ісіне шынайы берілгендігіне, ерлігі мен шыдамдылығына таң қалмауға болмайды. Аш-жалаңаш, жалақысыз және суық бөлмелерде төзімділікпен өздерінің ғылыми жұмысын жалғастырып, Қазақстан ғылымының қалыптасуына зор үлес қосты.

Ал енді, бұның алдындағы музей жағдайына қайта оралып, талдау жасауымызды жалғастырайық.

1925 жылы Орта Азияның ұлттық-мемлекеттік тұрғыдан межеленуіне және Қазақстан жерлерінің біріктірілуіне орай Түркістан көне тарихи ескерткіштерді сақтау мен қалпына келтіру комитеті (Туркомстарис) Ортаазиялық көне тарихи ескерткіштерді сақтау мен қалпына келтіру комитеті (ОртаазКТЕСҚКК) болып қайта құрылды. Дегенмен жаңадан құрылған республикалар өз жерлерінде атқаратын қызметінің қажеттілігі мен маңызын ескере отырып онымен тығыз байланыста болатындығын білдірді.

1925 жылдың 3 қыркүйегінде Қазақстан Халық Комиссарлары Кеңесі қабылдаған қаулысында «ОртаазКТЕСҚКК Орта Азия мен Қазақстанда ғылыми-зерттеушілік және мәдени-ағартушылық қызмет атқарып отырғандықтан оған Қазақстан тарапынан қаржылай көмек көрсету қажет» - деп көрсетті (ҚРОМА, 395: 315 п.).

Сонымен, ұлттық-территориялық межелену нәтижесінде Түркістан АКСР-і құрамында болып келген Жетісу және Сырдария облыстарының көптеген жерлері Қазақ АКСР-іне қайтарылғанымен олардың музейлері, көне ескерткіштері әлі де болса ОртаазКТЕСҚКК қамқорлығында болды. Бұл Қазақстанның оңтүстігіндегі музейлер ісінің дамуына, олардың қарапайым көрермендердің шынайы демалыс орнына айналуына ерекше роль атқарды (ҚРОМА, 395: 316-317 пп.).

1925 жылы 15-19 сәуір күндері республиканың жаңа астанасы Қызылорда қаласында Қазақстан кеңестерінің 5 съезі болып өтті. Съезд халықтың тарихи шын атын – «қазақтар» деген атауын қалпына келтіріп Қырғыз АКСР-ін Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы деп өзгертіп, астанасын Қызылорда қаласы деп жариялады (Нусипбеков, 1953: 86). Осыған орай, Қазақстанның бұрынғы астанасы болып келген Орынбор қаласы ұлттық-территориялық межеленуге байланысты Ресей Федерациясына беріліп, жаңа астанада лайықты ғимараттардың болмауына орай ондағы көптеген мекемелер әлі де болса, Орынбор қаласында қалып қойды. Осы жағдай Орталық музей мен Орынбор қалалық атқару комитеті арасында жәдігерлер таласын тудырды.

Орынбордың РКФСР құрамына енген күннен бастап-ақ губерниялық Атқару комитеті Қазақстан Орталық музейінен Орынбор өлкесін бейнелейтін және бірнеше данадағы жәдігерлердің жартысын беруді талап ете бастады. Орталық музейдің бөліп берген жәдігерлеріне Орынбор

губерниялық Атқару комитетінің қанағаттанбауына орай бұл мәселені шешу Бүкілодақтық Орталық Атқару комитеті қарауына берілді (ҚРОМА, 1316: 221 п.).

1925 жылы 13 шілдесінде аталған комитет төралқасы мәжілісінде «Орталық музей Қазақстан табиғатын, тарихын, этнографиясы мен шаруашылығын бейнелейтін жалғыз мәдени мекеме болғандықтан музейді Қазақстанның басқаруында қалдырып ондағы Орынбор өлкесіне тиісті жәдігерлерді губерниялық Атқару комитетіне бөліп беруді міндеттейтін» шешім қабылданды (ҚРОМА, 1261: 158 п.). Бірақ, бұл шешімге қанағаттанбаған Орынбор губерниялық Атқару комитеті өзіне тиісті емес жәдігерлерге қайта талас тудырумен қатар Орталық музей орналасып отырған ғимараттан губерниялық музей үшін бөлмелер босатуды, жәдігерлер орналастыратын жиһаздар беруді талап ете бастады. Сонымен, бұл таласты шешу қайта Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетіне жіберіліп, оның Төралқасының 1927 жылы 9 мамыр күнгі мәжілісі Қазақстан музейі қорынан Орынбор өлкесіне тиісті жәдігерлерді бөліп беріп, РСФСР Халық ағарту комиссариатына бір ай аралығында талас тудырып отырған жәдігерлерді анықтап шешуді міндеттеп, Орынбор губерниялық Атқару Комитетінің Орталық музейі орналасқан ғимараттан бөлмелер босатып беру туралы өтінішін заңсыз» деген шешім қабылдады (ҚРОМА, 485: 79 п.).

